

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы мемлекеттік тілде жалпы білім беретін мектебінің кітапханасының құрылымы екі бөліктен тұрады, олар: оқырмендар кітаппен танысып, оқитын бөлігі-абонемент; және екінші бөлігі-кітап сақтау қоймасы.



Кітап қоры **23661** кітаптан тұрады, оның ішінде, **оқулықтар-19058**, **көркем әдебиет-4603**.

Кітапхананың көрсететін қызметі:

- ақпараттық тізім жасау;
- жеке библиографиялық кеңес беру;
- Оқырмандарға абоненте және оқу залында қызмет көрсету.
- Анықтамалық-библиографиялық көмек көрсету;
- тақырыптық анықтамаларды орындау;
- тақырыптық әдебиеттерді таңдау;
- Кітап көрмесін безендіру;
- Кітапхананың жұмыс жоспары бойынша көпшілік іс-шараларды өткізу.

2022-2023 оқу жылына мектеп кітапханасының есебі

Жалпы мәлімет:


2022–2023 оқу жылы барысында мектеп кітапханасы білім беру үдерісін ақпараттық тұрғыдан қамтамасыз ету және оқушылар мен мұғалімдердің оқу қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында бірқатар жұмыстар атқарды.

1. Кітап қорының толықтырылуы:

Ағымдағы оқу жылы ішінде кітапхана қоры келесі жаңа әдебиеттермен толықты:

КЕЛІП ТҮСКЕН КІТАПТАР

■ Жаңа оқулықтар ■ Көркем әдебиеттер ■ Брошюралар



- **Жаңа оқулықтар** – 2 466 дана
- **Көркем әдебиеттер** – 105 дана
- **Брошюралар** – 105 дана

Жалпы келіп түскен кітаптар саны: 2 676 дана.

1 сыныптың оқулықтарының барлығы толықтай жаңартылды.

2. Кітаптарды тіркеу және өңдеу жұмыстары:

Келіп түскен барлық әдебиеттер кітапхана ережесіне сәйкес тіркеліп, жүйеленді. Әрбір басылым сандық каталогқа енгізіліп, кітап қорына қосылды. Оқулықтарға және көркем әдебиеттерге инвентарлық нөмірлер беріліп, оларды сақтау және пайдалану талаптарына сай орналастыру қамтамасыз етілді.

3. Оқырмандармен жұмыс:

Кітапхана жаңа оқулықтарды оқу жылы басында барлық сыныптарға уақытылы таратып берді.

Көркем әдебиеттер мектеп оқушыларының рухани-адамгершілік дамуына және әдеби сауаттылығын арттыруға бағытталған. Оқушылар мен мұғалімдер арасында кітап оқуға қызығушылықты арттыру мақсатында көрме, әдеби кештер және кітап шолулары ұйымдастырылды.

Осы оқу жылының 24 ақпан күні Х облыстық «Сөз құдіреті» мәнерлеп оқу байқауының аудандық кезеңі өтті, бұл іс-шараға мектебіміздің 7 «Ә» сынып оқушысы Орынбай Айзере қатысып, жүлделі 1 орынды иеленді. Байқауда Айзере Мадина Омарованың «Менің қаһарман шөберем» кітабынан «Ақша іздеген бала» шығармасын мәнерлеп оқып берді.



Осы, «Сөз құдіреті» байқауының облыстық кезеңінде Орынбай Айзере оқырманымыз «Мұра» номинациясының иегері атанды.



2023-2024 оқу жылына мектеп кітапханасының есебі

Жалпы мәлімет:

2023–2024 оқу жылында мектеп кітапханасы білім беру процесін сапалы оқулықтармен және көркем әдебиеттермен қамтамасыз ету мақсатында өз жұмысын жоспарлы түрде жүзеге асырды. Оқушылар мен мұғалімдердің ақпараттық қажеттіліктерін қамтамасыз ету бағытында бірқатар жұмыстар атқарылды.

1. Кітап қорының толықтырылуы:

Ағымдағы оқу жылы барысында мектеп кітапханасының кітап қоры келесі басылымдармен толықты:



- **Жаңа оқулықтар** – 668 дана
- **Көркем әдебиеттер** – 45 дана
- **Брошюралар** – 143 дана

Жалпы келіп түскен кітаптар саны: 856 дана.

Келіп түскен оқулықтар көлемі 2-сынып оқулықтарын толықтай жаңартты.



2. Әдебиеттерді тіркеу және өңдеу:

Барлық келіп түскен кітаптар кітапхана есебіне алынып, тіркеу журналдарына енгізілді. Әдебиеттерге инвентарлық нөмірлер беріліп, жүйеленіп, кітап сөрелеріне орналастырылды. Брошюралар арнайы папкаларға жинақталып, ашық қолжетімділікте ұсынылды.

3. Оқырмандармен жұмыс:

Жаңа оқулықтар оқу жылының басында оқушыларға толық таратылды. Көркем әдебиеттер оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыру, сөйлеу мәдениетін дамыту және еркін оқуға баулу мақсатында пайдаланылды. Кітап көрмелері, тақырыптық бұрыштар, "Оқу сағаты", "Кітап әлеміне саяхат" секілді іс-шаралар ұйымдастырылды.

Барлық оқу жылдары бойы Республикалық «Оқуға құштар мектеп» жобасы жұмыс жасап отыр, жоба аясында кітапханамызбен көптеген іс-шаралар жасалды, барлығы біздің әлекметтік желідегі парақшамызға жарияланып отырады.



2024-2025 оқу жылына мектеп кітапханасының есебі

Жалпы мәлімет:

2024–2025 оқу жылында мектеп кітапханасы білім беру процесін сапалы ақпараттық-әдістемелік материалдармен қамтамасыз ету, оқушылар мен мұғалімдердің оқу-тәрбиелік сұранысын қанағаттандыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізді. Сонымен қатар, кітапханаға жаңғырту және жаңарту мақсатында жөндеу жұмыстары жүргізіліп, заманауи талаптарға сай жағдай жасалды.

1. Кітап қорының толықтырылуы:

Ағымдағы оқу жылы ішінде мектеп кітапханасының қоры келесі жаңа басылымдармен толықты:



- **Жаңа оқулықтар** – 1 104 дана
- **Көркем әдебиеттер** – 251 дана
- **Брошюралар** – 26 дана

Жалпы келіп түскен кітаптар саны: 1 381 дана.

2024-2025 оқу жылында 3-сынып оқушыларының барлық оқулықтары жаңартылды.

2. Жөндеу жұмыстары:

2024 жылдың жаз мезгілінде мектеп кітапханасына **ағымдағы жөндеу жұмыстары** жүргізілді. Бұл жұмыстар кітапхананың техникалық және эстетикалық жағдайын едәуір жақсартты. Атап айтқанда:

- Қабырғалар жаңартылып, интерьер жаңаша безендірілді;
- Еденге жаңа жабын төселіп, терезе перделері ауыстырылды;
- Жаңа кітап сөрелері, үстелдер мен орындықтар орнатылды;
- Оқырмандардың бос уақыттарын пайдалы әрі қызықты өткізуі үшін көптеген үстел ойындары қойылды;
- Ғаламтордағы кітаптарға және өзге де цифрлық ақпараттарға қол жеткізу үшін кітапханамызға ноутбуктер орнатылды.

Жөндеу нәтижесінде кітапхана оқушылар мен педагогтар үшін жайлы, функционалды, әрі тартымды білім ордасына айналды.

3. Кітаптарды тіркеу және өңдеу:


Барлық жаңа әдебиеттер инвентарлық тіркеу журналдарына енгізіліп, кітапхана қоры бойынша жүйеленіп орналастырылды. Әдебиеттер сандық және қағаз негізінде тіркеліп, оқу процесіне дайын күйде ұсынылды.

4. Оқырмандармен жұмыс:


Кітапхана оқу жылы бойы оқушылар мен мұғалімдерге кітаптарды таратып беру, ақпараттық қызмет көрсету және түрлі мәдени-білім беру іс-шараларын ұйымдастырумен айналысты. Негізгі атқарылған жұмыстар:

- «Кітап – білім кілті» атты көрмелер;
- Авторлық апталықтар, әдеби викториналар;
- "Мен оқыған кітап" оқырмандар байқауы;
- Сыныптық және мектепшілік «Оқу сағаттары».

Оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын ояту және тұрақты оқуға баулу бағытында бірқатар жұмыстар атқарылды.



Оқырмандар кітапханада оқу кезеңінде ғана бола қоймай, тоқсан аралық демалыстарда да көркем әдебиет кітаптарын алып танысады.



Кітапхана аумағында түрлі тақырыптық көрмелер орналастырылады.



